

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Қосбөлтек ауылы

26.04.2024ж.

Қатысқаны:7

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы
(хабарламашы К.Қамбарова)

Тыңдалды: бала бақша меңгерушісі Ш.Жанхожаева ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» бұдан әрі ҚР-сы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен жаңа редакцияға байланысты мектепке дейінгі ұйымда жаңа қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау бойынша балабақша сайтына хабарландыру жарияланғанын және осы жұмысты ұйымдастыруда өтініштер келіп түскенін хабарлады.

Келесі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова өз сөзінде жоғарыда аталып өткендей қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау қағидалары бойынша жұмысты ұйымдастыруда қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелерін жаңа редакция бойынша және қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 жылды құрайтынын айта келе, өз тарапынан қамқоршылық кеңестің төрайымы ретінде өтініш білдіргенін айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне келіп түскен өтініштер бойынша үміткерлер ұсынған құжаттарды қарап шығып, жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша комиссия 10 күн жұмыс ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеу жұмысы жүргізіліп, құрамның тізімі бекітілгенін айта отырып, тізім бойынша комиссия мүшелерін атап өтті. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруда комиссия мүшелері бекітілді, хатшылыққа балабақшадан бір қызметкерді сайлау ұсынылды. Балабақша әдіскері С.Жуманалинаны ұсынып, бірауыздан хатшылыққа ұсынылды. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі бойынша сайланған комиссия мүшелерінің жұмысына сәттілік тілеп, бір кісідей қамқоршылық кеңестің жұмысын дұрыс ұйымдастыру ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, шешім етті:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыруда тізімдегі комиссия мүшелері бекітілсін.

Шешім бірауыздан қабылдансын.

Хатшы:  С.Жуманалина